

8 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

9 желтоқсан - Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Парасатты қоғам - мемлекеттік дамуының кепілі» тақырыбында өткен облыстық форумында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның туындау себептерін жою жолында белсенді қызмет атқарғаны үшін «ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс Республикалық қоғамдық бірлестігінің атынан колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова Алғыс хатпен марапатталды



9 желтоқсан - Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Жамбыл облысы бойынша департаменті. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастырып, жоғары азаматтық ұстаным танытып, адалдық, әділдікпен және парасаттылық қағидаларын нығайтуға қосқан үлесі үшін колледждің оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Л.К. Мейрманова Алғыс хатпен марапатталды.



12-13.12.2023ж. Алматы қаласы білім басқармасының ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы денсаулық сақтау саласы бойынша кәсіби шеберліктің республикалық конкурсы өткізілді. Денсаулық сақтау саласы бойынша педагогтерді анықтау, ТжКОБ ұйымдарының білімді, білікті педагогтерін қолдау мақсатында ұйымдастырылған кәсіби шеберлік конкурсына республиканың әр аймағынан 17 педагог қатысты. Аталған конкурсқа колледж оқытушысы Ұ.Е.Дүйсембаева қатысып, Бас жүлде және 150.000тг Сертификатына ие болды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы ұйымдастырған «Оқуға құштар колледж» тұжырымдамасы аясында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің арасында өткен облыстық «Жылдың үздік оқырманы» байқауына колледждің «Мейіргер ісі» бөлімі 208-ші топ студенті Бахтияр Смайыл қатысып, аталған байқауда топ жарып, жүлделі I орын Дипломымен марапатталды. Жетекшісі Абдраимова Н.Ж. байқауға үздік студент дайындағаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.



«АМАНАТ» партиясының бағдарламалық мақсаттарын жүзеге асыруға қосқан үлесіңіз тұрғындардың денсаулығын сақтау жолында атқарылған еңбегіңіз үшін және Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздік күніне» орай колледж қызметкерлері Н.М.Мұраталиева, З.С.Ескебекова, Б.Б.Блейменова, С.А.Ахметов, А.Т.Парманова Құрмет грамотасымен марапатталды.



Колледжде «АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының Тараз қалалық маслихат депутаты А.Қ.Лесбек кездесу өткізілді. Кездесу барысында «Komek.demeu.kz» қоғамдық қорының және депутат А.Қ.Лесбектің атынан Тараз қаласының қоғамдық-саяси өміріне белсене атсалысып, түрлі шаралардағы белсенділіктері үшін сертификаттар және алғыс хаттармен марапатталды. Осыған орай, 310 топ студенті М.М.Жолдасбек 2 айлық шәкіртақымен және 310 топ студенті Жарылқасын Ұлмекен Мадмарқызы 200.000тг сертификат тағайындалды. 1-2 курс студенттері Алғыс хатпен марапатталды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы. Ұлы ағартушы, ақын, жазушы Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына - 165 жыл толуына орай, ұйымдастырылған «Шәкәрім жүрген ізбен» атты облыстық байқауға колледждің 104 –ші топ студенті Ақбота Алтынбек қатысып, жүлделі II орын Дипломымен, сондай-ақ жетекшісі З.И.Абдалимова байқауға шәкірт дайындағаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.



Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Техникалық және орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. «Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің» ұйымдастыруымен өткен Төле бидің 360 жылдығына орай облыстық «Төле би тұлғасы мен асыл мұрасы» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференцияға Жамбыл жоғары медициналық колледжінің топ студенттері А.Қалдыбек, жетекшісі Н.Ж.Абдраимова, М.Н.Сейдахмет, жетекшісі Ж.М.Абитаева, І.Е.Джунусова жетекшісі Ж.Ш.Жұмағазы қатысып, мазмұнды баяндама жасағаны үшін Алғыс хатпен, А.Қ.Орынбайға, жетекшісі В.Е.Омарбаеваға белсене қатысқаны үшін Сертификатпен марапатталды.



М.Х. Дулати атындағы Тараз өнерлік университеті «Жаратылыстану ғылымдары» факультеті «Математика» кафедрасының ұйымдастыруымен өткен «Элементар математиканың ерекше мәселелері» ғылыми конкурсында колледждің «Емдеу ісі» бөлімі 120 топ студенті Н.Искандеров III Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Ғылыми жетекшісі Токсанбаева Д.Н. «Алғыс хатпен» марапатталды.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

- 1 | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ**
«Жалпы практикадағы мейіргер» және «Фельдшер» мамандықтарына арналған «Үздік оқу-әдістемелік кешен» атты Республикалық онлайн байқауы, «Акушерлік және гинекология» пәні бойынша тәжірибелік сабақтың әдістемелік әзірлемелерінің сырттай Республикалық байқауы.
- 2 | МӘНЕРЛЕП ОҚУ БАЙҚАУЫ**
«Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім - Бауыржан Момышұлы» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы.
- 3 | АШЫҚ САБАҚ**
Колледж оқытушылары М.К.Тлеуова «Мейіргер ісінің негіздері» пәнінен, Қ.Н.Тулегенова «Математика» пәнінен, Қ.О.Чинасилова «Информатика» пәнінен ашық сабақ өткізді.
- 4 | «ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫМ» АТТЫ АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ**
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 32 жылдығына орай «Тәуелсіздік-тұғырым» тақырыбындағы ашық тәрбие сағаты.
- 5 | КЕЗДЕСУ**
«Өмірлік дағдылар» атты ашық сұхбат алаңының қонағы колледждің бұрынғы директоры С.Қ.Қоңырова келіп, ашық алаңда сұхбат берді.
- 6 | «ҒАЖАЙЫП ЖАҢА ЖЫЛ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА**
№2 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндері цикльдық әдістемелік комиссиясының ұйымдастыруымен "Ғажайып жаңа жыл-2024" тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, колледж ұжымы мен студенттерді құттықтады.
- 7 | «ҒАСЫРДЫҢ ҒАЖАП ҮШ ТІРЕГІ-МИФ!» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АПТАЛЫҚ**
№2 Жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері цикльдық әдістемелік комиссиясының ұйымдастыруымен «Ғасырдың ғажап үш тірегі-МИФ!» тақырыбындағы апталығы.
- 8 | ҚҰТТЫҚТАУ!!!**
Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері.



1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС



«Жылдың үздік ұстазы» атты Республикалық байқауына колледж оқытушысы З.С. Ескебекова қатысып, жеңімпаз атанып, «Жылдың үздік ұстазы» төс белгісі мен марапатталды.

Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері мен колледждегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны, Әдістемелік мектептің «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз» атты қорытынды есеп беру кешінде мәнді шығармашылық жұмыс көрсеткені үшін колледж оқытушылары А.Р.Байбулекова; Н.Б. Бердіш, А.К. Коконбаева, Г.С. Токкулиева, А.Б. Амангелдиева, Н.А. Касымов Мақтау қағазымен марапатталды.

Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері және жас маманға үздік әдістемелік көмек көрсетудегі еңбегі үшін Әдістемелік мектептің ұйымдастыруымен өткізілген «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз!» атты қорытынды есеп беру кешінде Б.С. Мадимарова, Н.Ж. Абдраимова, Э.Ж. Кудебаева, Ж.Р. Алтынбекова, Н.Е. Джампеисова, А.А. Бөпеева, Ұ.Е. Дүйсембаева, А.Т.

Кобегенова, О.А. Махамбетова, Р.Д. Мухажанова, А.Н. Өскенбаева, А.Т. Парманова, Л.Б. Саурбаева, А.С. Ташмағанбетова, Ж.А. Тоқташова Алғыс хатпен марапатталды



«SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ Жамбыл облыстық филиалының Құрмет грамотасымен колледж оқытушылары Э.Ж. Кудебаева, Р.Т. Нурбаева, С.Г. Бибосынова, А.Қ. Баетова, Б.Б. Блейменова, Ж.С.Жарасова Ф.Д.Тұрмысова, А.Д. Бахаева, М.Т.Досжанова, Ш.М. Нурпейсова марапатталды.



«Ұлттық денсаулық сақтау палатасы» жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің Жамбыл облысы бойынша филиалы Құрмет грамотасымен колледж оқытушылары Ф.Д. Серкебаева А.К., Даулетов А.М., Джантасова Р.О., Ералиев М.Л. марапатталды.

2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша орта буын

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

2 | ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС МАМАН!
Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

4 | БЕЛСЕНДІ ӨМІР - ҰЗАҚ ҒҰМЫР
Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

6 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ
Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

8 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ
Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

3 | ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗ БАҒАЛАУ
Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

5 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ
Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

7 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ
Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения



1 | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

4-11.12.2023ж. №3 Арнайы пәндер «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушыларының ұйымдастыруымен «Мейіргер ісі», біліктілігі: «Жалпы практикадағы мейіргер» және «Емдеу ісі», біліктілігі: «Фельдшер» мамандықтарына арналған «Үздік оқу-әдістемелік кешен» атты Республикалық онлайн байқауы жарияланған болатын. Байқаудың негізгі мақсаттары:



1. Оқытушылардың «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің сапасын арттыру, нормативтік, әдістемелік, стандарттаушы құжаттарды жүйелеу; дайындықты оңтайландыру және студенттердің жеке қабілеттерін ескере отырып, тапсырмаларды саралау арқылы танымдық белсенділікті дамыту; педагогикалық тәжірибені бере отырып, оқытушылардың шеберлігін жетілдіру;
2. Медициналық кадрларды даярлау сапасын арттыру, кәсіби құзыреттердің тиісті деңгейін құру;
3. «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі», мамандықтары, «Мейіргер ісі негіздері» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда колледждердегі оқытушылардың тәжірибелерімен алмасу.
4. Білім берудің инновациялық әдістемелерін пайдалана отырып, оқыту сапасын арттыруға бағытталған оқу-әдістемелік кешенді даярлаудың педагогикалық тәжірибесін жинақтау және оқу-әдістемелік кешен рөлін күшейту.



22.12.2023 ж. Колледж базасында Қазақстан Республикасының орта кәсіптік медициналық білім беру мекемелерінің оқытушылары арасында «Акушерлік және гинекология» пәні бойынша тәжірибелік сабақтың әдістемелік әзірлемелерінің сырттай Республикалық байқауы өткізілді. Байқау «Акушерлік ісі» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарына сәйкес, оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында жүргізілді. Байқауға жалпы Қазақстан Республикасының 12 медициналық колледжінен 18 оқытушы өз әдістемелік әзірлемелерін ұсынды. Ұсынылған барлық жұмыстар байқау Ережесінің талаптарына сәйкес бағаланып, ең жоғары ұпай жинаған үздік нәтижелер айқындалды.

2 | МӘНЕРЛЕП ОҚУ БАЙҚАУЫ

22.12.2023 ж. «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында колледжде «Тұлғасы тунған тәлім, есімі елге мәлім - Бауыржан Момышұлы» тақырыбында қорытынды іс-шара ұйымдастырылды. Мәнерлеп оқу жарысында 1,2 курс студенттері қатысып, 2 тур бойынша жарысып, марапаттарға ие болды және жыл бойы өткізілген іс-шараларға белсене қатысқан студенттерімізді марапаттау рәсімі өтті. Ұйымдастырушылар: Жамбыл жоғары медициналық колледжінің тәрбие бөлімі және кітапханашылар.



3 | АШЫҚ САБАҚ

21.12.2023ж. «№3 Арнайы пәндер циклдқк әдістемелік комиссиясының оқытушысы» Тлеуова М.К. «Мейіргер ісінің негіздері» пәнінен «Емдеу ісі» бөлімі, біліктілігі: «Фельдшер» 214 ЕФ-9/22 топ студенттерімен «Зәр шығару жүйесінің қызметі бұзылған кезде, науқасқа күтім жасау және бақылау жүргізу» тақырыбы бойынша тәжірибелік ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Студенттерге зәр шығару қызметі бұзылуының клиникалық белгілері мен таныстырып, түсіндіру. Пациенттің жағдайын бақылауды: артериалық қан қысымын, тәуліктік диурез бен су баланысын өлшеуді үйрету. Жедел зәр тоқтауы кезіндегі көмек көрсету, сыртқы жыныс мүшесін жуу, қуыққа катетер қою іс-әрекетін, қолданылған құралдарды зарарсыздандыру. Қуықты жуу іс-әрекетін үйрету. Тәжірибе сабағында инновациялық технологияларды, ер адамның және әйел адамның зәр шығару жолдарының фантомдары, көпсалалы тренажер-манекен, муляждарды қолданып, дағдыларды қалыптастыру арқылы мақсатқа жету. Оқытушы сабағы жақсы деңгейде өтті. Сабақ мақсатына жетті.



21.12.2023ж. №1 «Жалпы білім және жаратылыстану ғылыми пәндері» ЦӘК оқытушысы Тулегенова Қ.Н. «Математика» пәнінен «Мейіргер ісі» бөлімі 105М-9/23 топ студенттерімен «Логарифмдік теңдеулер» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Логарифмдік теңдеудің анықтамасын білу; Логарифмдік теңдеулер шешу жолдарын түсіндіру; Логарифмдік теңдеулерді шешу әдістерін талдау және меңгеру. Ашық сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, студенттердің математика пәніне деген қызығушылығын арттырды.



21.12.2023ж. №1 «Жалпы білім беру және жаратылыстану пәндер» циклдқк әдістемелік комиссиясының оқытушысы Қ.О.Чинаилова «Информатика» пәнінен, «Емдеу ісі» бөлімі, 117ЕФ-9/23 топ студенттерімен "Қазақстандағы цифрландыру." тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Студенттерге Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерімен танысу, түсіндіру. Студенттердің компьютерлік, ақпараттық сауаттылықтар, цифрландыру процесіндегі білімдерін дамыту. Адамгершілікке, ұлтжандылыққа, іздемпаздылыққа тәрбиелеу. Сабақта интерактивті тақта мен ноутбуктарды қолданды және әртүрлі платформаларда әдістерді пайдаланды. Оқытушы сабағы жақсы деңгейде өтті. Сабақ мақсатына жетті.



4 | "ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫМ" АТТЫ ТӘРБИЕ САҒАТЫ

22.12.2023 ж. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 32 жылдығына орай «Тәуелсіздік-тұғырым» тақырыбында ашық тәрбие сағаты «Мейіргер ісі» бөлімі 231М-9/22 топ студенттерімен өтті. Мақсаты: Жас ұрпақты Отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, өз ұлтының тарихын сүйеге, қорғауға, болашаққа сеніммен қадам басуға, Отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу арқылы студенттердің бойында патриоттық сезім ұялату. Ұлттық мүдде құндылығы: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу. Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу. Елінің тарихын құрметтеу. Күтілетін нәтиже: Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет студенті, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді білу, оны сақтау; Жауапты: №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндер оқытушысы, биология пән оқытушысы: Жунисова К.К.



5 | КЕЗДЕСУ

27.12.2023ж. «Психология және коммуникативтік дағдылар» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарында студенттерге медицина персоналының қызметінде кездесетін коммуникативтік үрдістер және дағдыларды кеңінен білу үшін сабаққа өңірімізге медицина саласында көптеген жылдар еңбегі сіңген жандармен кездесу ұйымдастырылады. Кездесу «Өмірлік дағдылар» атты ашық сұхбат алаңымен жүзеге асады. Кездесу қонағы колледждің бұрынғы директоры С.Қ.Қоңырова келіп, ашық алаңда сұхбат берді. Самиха Қоңырыз студенттерге өмір жолында кездескен түрлі қызықта, қиын оқиғаларымен бөлісіп, болашақтарына тек жақсылықпен табыс тілеп, жан сырымен бөлісті. Сұхбатты пән оқытушысы К.Сүйінбекұлы жүргізді.



6 | "ҒАЖАЙЫП ЖАҢА ЖЫЛ" МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА

27.12.2023ж. "Ғажайып жаңа жыл-2024" тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Колледж ұжымы мен студенттерді құттықтады. Аяз ата мен Ақшақар колледж ұжымын және студенттерін жаңа жылмен құттықтап, сыйлықтар берді. Жаңа жылдық кеште колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова жылдың қорытындысын жасай отырып, әр түрлі номинациялар бойынша сертификаттармен марапаттады. Бастауыш кәсіподақ ұйымының атынан сыйлықтар табысталды. Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өтті.



7 | «ҒАСЫРДЫҢ ҒАЖАП ҮШ ТІРЕГІ-МИФ!» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АПТАЛЫҚ

11.12.2023ж. «№2 Жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері ЦӘК-ң» ұйымдастыруымен «Ғасырдың ғажап үш тірегі-МИФ!» апталығының ашылу салтанаты өтті, оқытушылар арасында «Сиқырлы фигуралар» ойыны ойнатылды. «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі» бөлімдерінің 1 курс орыс топтарына «Ғажайып МИФ» танымдық ойындары және 1 курс қазақ топтарына «IQ BATTLE-МИФ» интеллектуалды ойындар өткізілді. 1 орын «Диплом»-мен «Алгоритм» тобы, 2 орын «Диплом»-мен «Эврика» тобы, 3 орын «Диплом»-мен «IT-жастар» тобы және «Алғыс хат»-пен «Арифметика» және «Пифагор» топтары марапатталды. Ойындар соңында оқытушылар мен студенттер сыйлықтарға ие болды. Апталықтың мақсаты: Математика, информатика және физика сабақтарында және сабақтан тыс іс-шараларда оқытудың заманауи тәсілдерін қолдана отырып студенттердің білім алуға қызығушылығын арттыру, ой-өрісі мен таным белсенділіктерін жан-жақты жетілдіру.



12.12.2023ж. «Ғасырдың ғажап үш тірегі-МИФ!» апталығы аясында 1 курс «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі» бөлімі студенттері арасында ЖИТС орталығының эпидемиолог-дәрігері А.С. Цзи және қызметкері Б.И.Салменбаевамен кездесу өткізілді. Мақсаты: ЖИТС жұқпалы ауруы туралы түсінік беру және қалыптастыру; -өз денсаулығы үшін жеке жауапкершілік туралы нақты түсінік алу; -қауіп-қатер аймақтарында болу жағдайларын бағалауға және сақтық шараларын сақтауға үйрету. Жауаптылар: Д.Н.Токсанбаева және №1 «Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері» ЦӘК оқытушылары.



21.12.2023 ж. «Жаңашыл ойлар – жаңа кітаптардан басталады» тақырыбында «Ғасырдың ғажап үш тірегі-МИФ!» апталығының жабылуы болды. ЦӘК төрайымы Турсынбаева Р.К. Математика пәндерінің оқытушылары: Сарыбаева Г.К., Мураталиева Н.М., Тулегенова Қ.Н. –дың «Математика» авторлық оқу-әдістемелік кітабімен, физика пәнінің оқытушысы Турсынбаева Р.К.-ның «Медициналық биофизика дәріс жинақтары» кітабімен және де «Молекулалық физика» оқу-әдістемелік 3d форматта цифрлық кітапшасымен және информатика пәнінің оқытушысы Кудайбергенова А.К.-ның студенттерге арналған қосымша білім «ZhZhMK_Help_bot» телеграм бот көрсетілімдермен таныстырылды.

